

## ҚАУЛЫ

2026 жылғы 27 наурыз

№1а/558

Түркістан қаласы

Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы құрамында:

төрағалық етуші – алқа төрағасы Р.Хасенов,  
судьялар Т.Оңғарбаев пен А.Иржанов болып,  
прокурор А.Бекмурзаеваның,  
сотталған М.Дуйсембиевтің,  
қорғаушы К.Дуйсембиеваның,

қорғаушы - адвокаттар А.Касымхановтың, Е.Кахаровтың,  
Ж.Курумбаеваның қатысуларымен ашық сот отырысында сотталған Марат Елепбердиевич Дуйсембиев жөніндегі Келес аудандық сотының 2025 жылғы 11 қарашадағы үкіміне сотталған М.Дуйсембиевтің, адвокаттар А.Касымхановтың, Е.Кахаровтың апелляциялық шағымдары бойынша келіп түскен қылмыстық істі қарады, ол бойынша:

Марат Елепбердиевич Дуйсембиев, 1976 жылғы 2 шілдеде Түркістан облысында туған, бұрын: Келес аудандық сотының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы үкімімен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 405-бабы 1 және 2 бөліктерімен кінәлі деп танылып, түпкілікті 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасына сотты болған,

- ҚК-нің 256-бабы 2-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 8 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

М.Дуйсембиевке жазаны қылмыстық - атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемелерінде өтеу белгіленген.

М.Дуйсембиевке қолданылған күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын өзгеріссіз қалдырып, жазасын өтеу мерзімі 2025 жылғы 10 маусымнан бастап есептелген.

ҚК-нің 62-бабы 3-бөлігінің 2) тармағының негізінде М.Дуйсембиевтің 2025 жылғы 10 маусымнан бастап үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстау уақыты қауіпсіздігі орташа мекемеде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің бір күні үшін бір жарым күн есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылған.

М.Дуйсембиевтен 1071 теңге құрайтын іс жүргізу шығындары мемлекет пайдасына өндірілген.

ҚК-нің 98-2-бабы 5-тармағына сай, М.Дуйсембиевтен Қазақстан Республикасының жәбірленушілерге өтемақы қорына жиырма айлық есептік көрсеткіш – 78 640 теңге өндірілген.

Зағтай дәлелдемелердің мәселесі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 118-бабының талаптарына сай шешілген.

### **СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

Сот үкімімен Марат Елепбердиевич Дуйсембиев, өз атына тіркелген «TikTok» желісіндегі «id:7130680895695127578 - @maratduisembiev» әлеуметтік парақшасы арқылы діни экстремизм және терроризм идеологиясын насихаттайтын «Ал-Ихван аль Муслимун» ұйымының мағынасына тиесілі радикалды тұрғыдағы бейне ролик материалдарын ашық түрде насихаттап, сақтап және таратқаны үшін кінәлі деп танылған.

### **УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

Адвокаттар А.Касымханов пен Е.Кахаров, сотталған М.Дуйсембиев сот үкімімен келіспей, апелляциялық шағымдар келтіріп, онда қорғауындағы М.Дуйсембиев жарияланған бейнежазбаның мазмұнын қолдамағанын, пікір жазбағанын, үндеу айтпағанын, ешкімді терроризмге шақырмағанын, жарияланған бейнежазбаны М.Дуйсембиевтың өзі тик-ток әлеуметтік желісіне салмағанын, басқа біреу салуы мүмкін екенін, қылмыстық қудалау органының қызметкерлері тарапынын сотталғанға жарақат салынғанын, ол бойынша арызданғандарын, тергеу әрекеттері толық жүргізілмегенін, 2025 жылғы 13 маусымда тергеу изоляторында М.Дуйсембиевты комитет пен полиция тұрғындары ұрып соғып, дене жарақаттарын келтіргенін, сондықтан тергеу изоляторына 2025 жылғы 13 маусымда кімдер кіріп-шыққанын тексеру қажет екенін, тергеушімен тергеу әрекеттері толық жүргізілмегенін көрсетіп, үкімнің күшін жойып, жаңа ақтау үкімін қабылдауды сұраған.

Сот алқасы, сотталған М.Дуйсембиевтің, адвокаттар А.Касымханов пен Е.Кахаровтың, Ж.Курумбаеваның, қорғаушы К.Дуйсембиеваның апелляциялық шағымдарды қолдап, қанағаттандыруды сұраған сөздерін, прокурор А.Бекмурзаеваның апелляциялық шағымдарды қанағаттандырусыз, үкімді өзгеріссіз қалдыру туралы қорытындысын тыңдап, төмендегі қорытындыға келеді.

ҚПК-нің 434-бабының 1, 2-бөліктеріне сәйкес, анықталған жағдайда істің дұрыс шешілуі үшін елеулі мәні болуы мүмкін мән-жайларды ашылмаған күйі қалдырған сот тергеуі біржақты немесе толық емес жүргізілген болып танылады. Айғақтарының іс үшін елеулі мәні бар адамдардан іс бойынша жауап алынбаған немесе заң бойынша жүргізілуі міндетті болып табылатын сараптама жүргізілмеген, сол сияқты елеулі маңызы бар құжаттар немесе заттай дәлелдемелер талап етіп алынбаған барлық жағдайда да сот тергеуі толық емес деп танылады.



Бірінші сатылы сотпен ҚПК-нің 434-бабының 1, 2-бөліктерінде көзделген кемшіліктерге іс бойынша жол берілмеген.

Сотталған М.Дуйсембиевтің кінәсі іс бойынша жинақталған және сот отырысында жан-жақты, толық, объективті бағаланып, зерттелген, дәйектілігі жағынан ешбір күмән келтірмейтін дәлелдемелермен толық бекітілген.

Атап айтқанда:

Бірінші сатылы сотта сотталған М.Дуйсембиевтің бейнероликтерді өзінің ұялы телефонына сақтағаны туралы көрсеткен жауабымен;

Бірінші сатылы сотта теолог маман С.Б.Маханбетов, 2025 жылғы 24 қаңтарда ҰҚК Департаменті Келес АПБ-де профилактикалық мақсатты теологиялық жұмыстары ұйымдастырылып, М.Е.Дуйсембиевпен кездесіп, сұхбат өкізу барысында, оның көзқарасы сәләфиттік идеологиясының матхалит еес бағытында екені мәлім болған. Оның сақал қою үлгісі, балақ қысқарту, тыңдайтын уағызшылары Дарын Мубаров болуына, қарсылыққа, көтеріліске бейім екен деп бағалағаны туралы көрсеткен жауабымен;

Бірінші сатылы соттақуә Н.Тұраров, 2024 жылдан бастап @maratduisembiev» аккаунтына тіркеліп, бейнежазбаларын көріп жүргенін. @shamil\_boroda» аккаунтмен бөліскен бейнежазбада Палестинада болып жатқан соғысқа шақырғанын, миллиондаған мұсылман өзін құрбан етуге дайын екендігін көріп, теріс ой-пікір қалыптасқанын көрсеткен жауабымен;

Бірінші сатылы соттажауап берген сарапшы А.Мирзаходжаев, яғни осы іс бойынша берген 25.04.2025 жылғы №42 қорытындыны қолдайтынын, М.Е.Дуйсембиевтің «Тік Ток» әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында жарияланған бейнежазба Ислам дінінің сунниттік ағымына, мәтіндері «Мұсылман бауырлар» (ал-Ихван ал-Муслимун) ұйымына жататындығын, мәтіндерінде діни уәждер бойынша жиһад жасап өзін-өзі құрбан ету, соғыс және зорлық-зомбылық идеялары бар екенін, бейнежазбалар мәтіндерінде терроризмді насихаттау белгілері бар екендеген көрсеткен жауабымен;

25.04.2025 жылғы сот психологиялық-филологиялық және сот дінтанушылықсараптамасының №42 санды қорытындысымен, ол бойынша М.Е.Дуйсембиевті жариялаған бейне жазбасы – «Мұсылман баруырлар» (ал-Ихванал-Муслимун) ұйымына жатады, мәтінде діни уәждер бойынша жиһад жасау, өзін-өзіқұрбан ету, соғыс және зорлық-зомбылық идеялары, сонымен қатар терроризмді насихаттау белгілері бар делінген.

17.06.2025 жылғы сот-психиатриялық сараптамасының №2090-Б/25/13 санды орытындысымен, ол бойынша М.Е.Дуйсембиев созылмалы психикалық аурумен, кем ақылдылықпен немесе психикасының өзге дедерттерімен ауырмайды және ауырған емес. Оқиға орын алған іс кезінде



өзінің іс-әрекеттеріне тиісті баға бере алған. Психикалық жағдайына байланысты, оқиғаның мән жайын дұрыс қабылдай алған, өзінің іс-әрекеттерін түсіне алған, есте сақтау қабілеті сақтаулы. Тергеу мен сотталдында жауап бере алады делінген.

10.06.2025 жылғы жеке басын, тұрғын үйді тінту хаттамаларымен, онда М.Е.Дуйсембиевтің ұялы телефоны айғақты зат ретінде алынған.

14.06.2025 жылғы нәрселерді қарап-тексеру хаттамасымен, онда М.Е.Дуйсембиевтен алынған «Vivo V23 5G» маркалы ұялы телефонына қарау жүргізу барысында ұялы телефонның бас мәзірінде «Тik-Ток» мессенжерінде @maratduisembiev» аккаунты Абу Марьям жазуымен тұрғаны анықталған. @maratduisembiev» аккаунтының парақшасында 20 дана діни бейнежазбалар бар екені, 2258 «подписки», 1164 «подписчик», 3443 «лайки» бар екендігі анықталған.

27.06.2025 жылғы нәрселерді қарап-тексеру хаттамасымен, онда куә Н.Тұраровтың «Iphone 14» маркалы ұялы телефонына қарап-тексеру жүргізілген. Қарау жүргізу барысында ұялы телефонның бас мәзірінде «Тik-Ток» мессенжерінде @aseuzxss аккаунты Н.Тұраровқа тиесілі екендігі 77 «подписки» 33 подписчигі барлығы, «подписки» мәзірінде @maratduisembiev» аккаунтына тіркелгені, @maratduisembiev» аккаунтының парақшасында 20 дана діни бейнежазбалар бар екені, 2258 «подписки», 1164 «подписчик», 3443 «лайки» бар екендігі анықталған.

Қорғау тарапының апелляциялық шағымдағы ҰҚК-нің қызметкерлері тарапынан ұрып-соғу, қылмысын мойындату әрекеттері орын алғаны туралы уәждері негізсіз.

Өйткені, 2025 жылғы 10 маусымдағы сотталғанға қатысты жүргізілген сот медициналық сараптама қорытындысына сәйкес, алынған дене жарақаттары бойынша ешкімге қояр талап-тілегінің жоқ екендігін көрсетіп, тергеу кезінде ол арызынан бас тартуына байланысты қылмыстық іс тоқтатылған.

Сонымен қатар, қорғау тарапының апелляциялық шағымдарында көрсетілген уәждеріне сәйкес, алқамен ҰҚК-нің қызметкерлері мен №69 изолятор қызметкерлері тарапынан ұрып-соғу, қылмысын мойындату әрекеттері орын алғаны бойынша прокурормен тексеру тағайындалған.

Түркістан қаласы прокуратурасының прокуроры М.Джумадуллаевтың 2026 жылғы 3 наурыздағы қараусыз қалдыру және номенклатуралық істі (наряд) сақтау туралы баянатынан физикалық және психикалық қысым жасалғандығы расталмауына, яғни құқық бұзушылық белгілерінің болмауына байланысты жинақталған материалдарды қала



прокуратурасының АЕК-ның номенклатуралық іске (наряд) шығарылғаны анықталған.

Алқаға адвокат Ж.Курумбаева бірнеше өтінішхаттар келтіріп, 2025 жылғы 25 сәуірдегі №42 кешенді сот-филологиялық және дінтану сараптамасының қорытындысын (1-т., 45-і.п.) қылмыстық-процестік заң талаптарын бұза отырып және сарапшы мен аудармашының біліктілігі тиісінше расталмаған жағдайда орындалғандықтан, жол берілмейтін дәлелдеме ретінде тануды. Аталған сараптама қорытындысын, сондай-ақ оның негізінде қабылданған процестік шешімдерді, оның ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу туралы қаулыны дәлелдемелер қатарынан шығаруды. М.Дүйсембиевтің ұялы телефонын қарап-тексеру хаттамасын, сондай-ақ осы хаттамаға негізделген материалдарды жол берілмейтін (жарамсыз) дәлелдемелер деп тануды. ҚК-нің 256-бабының 2-бөлігі бойынша СДТБТ-де №255100041000018 болып тіркелген қылмыстық іс аясында алынған М.Дүйсембиевтің жауаптарын оған физикалық ықпал ету (күш қолдану) жағдайында алынғандықтан, жол берілмейтін (жарамсыз) дәлелдемелер деп тануды. Бірқатар адамдардан жауап алуды. М.Дүйсембиевке қатысты қылмыстық іс бойынша сот-компьютерлік-техникалық (IT) сараптамасын тағайындауды; Сараптаманы жүргізуді тиісті сот сараптама институтының (немесе тәуелсіз IT-сарапшылардың) сарапшыларына тапсыруды; Сарапшылардың қарауына заттай дәлелдеме ретінде тәркіленген «Vivo V23 5G» және «iPhone 14» ұялы телефондарын ұсынуды сұраған.

Адвокаттың, ҚК-нің 256-бабының 2-бөлігі бойынша СДТБТ-де №255100041000018 болып тіркелген қылмыстық іс аясында алынған М.Дүйсембиевтің жауаптарын оған физикалық ықпал ету (күш қолдану) жағдайында алынғандықтан, жол берілмейтін (жарамсыз) дәлелдемелер деп тану туралы уәжі Түркістан қаласы прокуратурасының прокуроры М.Джумадуллаевтың 2026 жылғы 3 наурыздағы қараусыз қалдыру және номенклатуралық істі (наряд) сақтау туралы баянаты және 2025 жылғы 10 маусымдағы сотталғанға қатысты жүргізілген сот медициналық сараптама қорытындысына сәйкес, алынған дене жарақаттары бойынша ешкімге қояр талап-тілегінің жоқ екендігін көрсеткеніне байланысты тергеу кезінде сотталған арызынан бас тартуына байланысты қылмыстық іс тоқтатылғанына байланысты негізсіз.

ҚПК-нің 81-бабы 1-бөлігіне сәйкес, аударма жасау үшін білу қажет тілді меңгерген және күдікті, айыпталушы, сотталушы, олардың қорғаушылары не жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ куәлар және өзге де процеске



қатысушылар іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмеген жағдайларда, сол сияқты жазбаша құжаттарды аудару үшін тергеу және сот әрекеттеріне қатысуға тартылған, іске мүдделі емес адам аудармашы ретінде шақырылады.

2025 жылғы 11 маусымда іске қатысу үшін аудармашы А.Құлахметов тартылған.

Аудармашы А.Құлахметовтың аудармашы мамандығы бойынша жоғары білім туралы диплом қоса тіркелген. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл қазақ тілі және ресми тіл орыс тілінде қолданылатынын ескерсек, А.Құлахметовтің орыс және қазақ тілдері бойынша аудармашының бейіндік білімі жоқ екені, сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберінде орыс тілінен қазақ тіліне аударма жасауға мүмкіндік беретін расталған біліктілігі жоқ екені туралы қорғаушының уәжі негізсіз.

М.Дүйсембиевтің ұялы телефонын қарап-тексеру хаттамасын, сондай-ақ осы хаттамаға негізделген материалдарды жол берілмейтін (жарамсыз) дәлелдемелер деп тану туралы қорғаушының уәжі келесі негіздермен жоққа шығарылады.

ҚПК-нің 219-бабына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін және өзге де материалдық объектілерді табу және анықтау, оқиғаның жағдайын анықтау және іс үшін маңызы бар мән-жайларды айқындау мақсатында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жергілікті жерді, үй-жайларды, нәрселерді, құжаттарды, тірі адамдарды, мәйіттерді, жануарларды қарап-тексеруді жүргізеді. Қарап-тексеруді жүзеге асыратын адамның нұсқаулары осы тергеу әрекетінің барлық қатысушылары үшін міндетті.

Бірінші сатылы сотта сотталған М.Дүйсембиев бейнероликтерді өзінің ұялы телефонына сақтағаны туралы көрсеткен. Сотталған М.Дүйсембиевтің ұялы телефонына тергеу органымен қарап-тексеру жүргізіліп, онда сараптама тағайындауға негіз болған бейнероликтер, өзінің атына тіркелген Тик-Ток әлеуметтік желісіне жүктелген бейнероликтер анықталған.

Бірінші сатыдағы сот, М.Дүйсембиев телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып, терроризмді насихаттаған қылмыстық іс-әрекетін ҚК-нің 256-бабының 2-бөлігімен дұрыс саралаған.

Яғни, қорғау тарапының апелляциялық шағымындағы уәждері іске тіркелген дәлелдермен жоққа шығарылады.

Сот ақласы, жоғарыда көрсетілген өтінішхаттар бойынша тараптардың пікірін тыңдап, іс құжаттарын зерттеп, оларды қанағаттандырусыз қалдырады.



Себебі, іске материалдарына тіркелген дәлелдемелер сотқа дейінгі тергеп - тексеру барысында қылмыстық қудалау органы тарапынан сотталғанның немесе оның қорғаушыларының заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе құқықтарына қысым көрсету арқылы немесе қылмыстық процестің өзге де ережелерін бұзу арқылы алынбаған.

ҚПК-нің 438-бабында, сот тағайындаған жазаның қылмыстық құқық бұзушылық ауырлығына және сотталған адамның жеке басына сәйкес келмейтін тәртібі көрестілген.

Бірінші сатылы сотпен сотталған М.Дуйсембиевке жаза тағайындау кезінде ҚПК-нің 438-бабында көрсетілген кемшіліктерге жол берілмеген.

Сот алқасы бұл көрсетілгендерді зерделеп, сот үкімін өзгеріссіз, апелляциялық шағымды қанағаттандырусыз қалдырады.

### **ҚАРАР БӨЛІГІ:**

ҚПК-нің 431-бабы 1-бөлігінің 1) тармағын, 443, 444, 486-бабының 2-бөлігін басшылыққа алып, сот алқасы,-

### **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

Марат Елепбердиевич Дуйсембиев жөніндегі Келес аудандық сотының 2025 жылғы 11 қарашадағы үкімі өзгеріссіз, сотталған М.Дуйсембиевтің, адвокаттар А.Касымхановтың, Е.Кахаровтың апелляциялық шағымдары қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Қаулы жария етілген кезден бастап заңды күшіне енеді, наразы жақ қаулы жария етілген күннен бастап сотталғанның жағдайын нашарлату себептері бойынша бір жыл ішінде, ал басқа негіздермен мерзімі шектеусіз кассациялық тәртіппен шағым, прокурор наразылық беруге құқылы.

**Төрағалық етуші:**

**Р. Хасенов**

**Судьялар:**

**Т. Оңғарбаев**

**А. Иржанов**

